


**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**
**АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ**

# ЖҮЗ ЖЫЛ ЖЫРЛАҒАН ЖҮРЕК

175

**Жамбылдың 175 жылдығына арналған электронды көрме**






# ЖҮЗ ЖЫЛ ЖЫРЛАҒАН ЖҮРЕК

175




ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ БАРДА, ОНЫҢ ТІЛІ МЕН ДІЛІ АМАН ТҰРҒАНДА, АДАЛДЫҚ ПЕН АДАМДЫҚТЫҢ, ӘДІЛЕТТІЛІК ПЕН ІЗГІЛІКТІҢ ЖЫРШЫСЫ ЖАМБЫЛ ДА МӘҢГІ ЖАСАЙ БЕРМЕК.

Елбасы НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ

1846-1945

Жамбыл – 175

# ЖҮЗ ЖЫЛ ЖЫРЛАҒАН ЖҮРЕК

175



- Жасымнан атым аян Жамбыл едім,
- Сүрінбес қара сөзге даңғыл едім.

Жамбыл

Жамбыл – 175

# ЖҮЗ ЖЫЛ ЖЫРЛАҒАН ЖҮРЕК

175

- **Жүз жыл өмір кешкен ақында неше жүз жылдар өнері мен шеберлігі түйіскен.**
- **Жамбылдың үлгісі мен мектебі алыстан, халықтан, халықтық рухани қазынадан, халық даналығынан басталады. Сондықтан да Жамбылдың атақ-даңқы күллі әлемге әйгілі болды.**

**Мұхтар Әуезов**



# ЖҮЗ ЖЫЛ ЖЫРЛАҒАН ЖҮРЕК

175



**Көне грек Гомерінің қайда туғанына осы күнге дейін жеті шаһар таласады. Қай елде туғаны да осы күнге дейін даулы. Қазақ Гомерінің туған елі – Ұлы жүз, Екей. Туған топырағы – Жамбыл тауының баурайы. Болашақ ақынға сол таудың атын қойған.**

**Ғабит Мүсірепов**

# ЖҮЗ ЖЫЛ ЖЫРЛАҒАН ЖҮРЕК

175

Замана жайы – терең сыр



Замана жыры – бітпес жыр



# ЖҮЗ ЖЫЛ ЖЫРЛАҒАН ЖҮРЕК



Тоқсанға келген жасым бар...



Жамбыл, Сәбит, Мәлік






# ЖҮЗ ЖЫЛ ЖЫРЛАҒАН ЖҮРЕК






**Жамбыл - әлемдік әдебиет қазынасына өшпес асыл жырларымен үлкен үлес қосқан ақын. Оның аты мәңгі жасай береді. Осындай әйгілі перзент өсірген ұлы Қазақ халқын жыраудың 150 жылдық мерейтойымен құттықтай отырып, журналымыздың осы санын шығаруға мүмкіндік жасаған Түркиядағы Қазақстан Елшілігіне, елшіліктің мәдениет істеріне жауапты Жансейіт Түймебаевқа, журналымызға мақала жіберген ғалымдарға шын жүректен алғыс айтамыз.**

**Редакция Алқасы**

# ЖҮЗ ЖЫЛ ЖЫРЛАҒАН ЖҮРЕК

175

**Ат үстінде**





Жамбыл – 175

# ЖҮЗ ЖЫЛ ЖЫРЛАҒАН ЖҮРЕК

175

Үй алдында



Мәлік батыр келгенде



Жамбыл – 175

# ЖҮЗ ЖЫЛ ЖЫРЛАҒАН ЖҮРЕК

175

Дина күй тартқанда



Оқушылардың ортасында



# ЖҮЗ ЖЫЛ ЖЫРЛАҒАН ЖҮРЕК 175

**Жамбыл облысының орталығы Жамбыл қаласы. 1961 жыл.**






# ЖҮЗ ЖЫЛ ЖЫРЛАҒАН ЖҮРЕК 175

**Жамбыл облысы Тараз қаласы.  Бүгінгі күн.**






# ЖҮЗ ЖЫЛ ЖЫРЛАҒАН ЖҮРЕК

175

Ақынға қойылған ескерткіш



Ақынға қойылған ескерткіш






# ЖҮЗ ЖЫЛ ЖЫРЛАҒАН ЖҮРЕК

175

**Мен Жамбыл жайында жар сала ой толғағым келеді. Жиырмасыншы ғасырымыздың аса әйгілі ақыны шын мәнінде аты аңызға айналған замана жыршысының өткір де асқақ үні – бір ғана қазақ халқы емес, осы күнгі түркі тұқымдас барлық халықтар поэзиясының арсеналындағы ең озық игілік болып отыр. Мен бұл пікірді бар сеніміммен айтамын.**

**Шыңғыс Айтматов**






# ЖҮЗ ЖЫЛ ЖЫРЛАҒАН ЖҮРЕК

175

Жамбыл



**Жамбылдың поэзиясы ғасырлар бойы жасайды, ешқашан да өлмейді. Ең биік шың – адамның жаны, адамның жүрегі. Жамбыл өзінің поэзиясымен бұл шыңға жол таба білді және бұл шыңды бағындырды.**

**Мырза Тұрсын-заде**

Жамбыл – 175

# ЖҮЗ ЖЫЛ ЖЫРЛАҒАН ЖҮРЕК

175



**Жақсылық-жамандықты тексереді,**
**Кім жүйрік, кім шабаны екшеледі.**
**Елімнің ерлігімен мақтанамын,**
**Сырт дұшпан бізді көрген сескенеді!**

**Жамбыл**




# ЖҮЗ ЖЫЛ ЖЫРЛАҒАН ЖҮРЕК

175

## Шығармалары






# ЖҮЗ ЖЫЛ ЖЫРЛАҒАН ЖҮРЕК



## Шығармалары






# ЖҮЗ ЖЫЛ ЖЫРЛАҒАН ЖҮРЕК

175

**Арғы атам – аруақты ер Қарасай,**
**Теңселген дүбіріне тау менен сай.**
**Пірім бар жыр нөсерін аспанға атқан,**
**Сұңқардай саңқылдаған ер Сүйінбай.**

Жамбыл






# ЖҮЗ ЖЫЛ ЖЫРЛАҒАН ЖҮРЕК

175




**Он бесте домбыраны алдым қолға,**
**Тең басқан төрт аяғын болдым жорға.**
**Он алты желі ұзартты, өрістетті,**
**Түскендей бұлтартпайтын даңғыл жолға.**

**Топ десе он жетімде тартынбадым,**
**Семсердей майдандағы жарқылдадым,**
**Ақынды ауылға ермек басып озып,**
**Жұлдыздай көзге түсіп, жарқылдадым.**

**Жамбыл**

Жамбыл – 175

## Жамбылдың өскен жері



«Ұшқоңыр». Б. Байділдә / «Ушконыр». Б. Байдильда

# ЖҮЗ ЖЫЛ ЖЫРЛАҒАН ЖҮРЕК

175

Жамбыл қазақтың маңдайына біткен самородок ақын ғой. 1944 жылы елге демалысқа келгенімде Сәбит Мұқанов маған: — Әй, батыр, сіз қателік жібердіңіз. Жамбыл атамызға сәлем бермепсіз. Мұнымыз әбестік болар, — деп Ұзынағаштағы Жамбылдың үйіне тартып кеттік. Келсек, Жамбыл жантайып жатыр екен. Біздің сәлемімізді алғаннан кейін: — Әй, балуан, - деді Сәбеңе қарап, — Мынауың кім, — деп мені көрсетті.

— Жәке, бұл батыр, — деді.

— Батыр болса батыр шығар, сұсы жаман екен бәтшағардың.

Алдымызға тамақ келді. Сәбең де, басқалар да жан-жағына қарамай тамақты қарпытып асай бастады. Мен үн-түнсіз отыра бердім. Әлден уақытта: — Әй, балуан, — деді Сәбеңе қарап. — Анауың неге тамақ жемей отыр, — деп сұрады. Сәбең маған бұрылып: — Әй, Бауыржан, тамақтан алсаңшы, — деді. Мен жалма-жан: — Мен мұнда тамақ жеуге келгенім жоқ. Жәкеңе сәлем беріп, сарқытын ішуге келдім, — дедім де, — мына тамаққа Жәкең сақалын батырып берсін, сонда ғана жеймін, — дедім. Жәкең: — Ой, қызталақ, — деді де тұздыққа мұртының ұшын батырып берді. Мен тұздықты кесесімен түгін қалдырмай сіміріп салдым.



# ЖҮЗ ЖЫЛ ЖЫРЛАҒАН ЖҮРЕК 175

Жамбыл – 175

**Жамбыл мен Ғабит Мүсірепов**



**Жамбыл мен Дина Нұрпейісова**



# ЖҮЗ ЖЫЛ ЖЫРЛАҒАН ЖҮРЕК 175

**Атыңнан айналайын Әулие Ата,**
**Атымды ап қойдың деп болма қапа**



**Әулие Ата Қарахан кесенесі**
**Тараз-Әулие-Ата-Жамбыл-Тараз**






# ЖҮЗ ЖЫЛ ЖЫРЛАҒАН ЖҮРЕК

175



**Жетіппін жүре-жүре қыр басына,**
**Жол екен таусылмайтын бір ғасырға.**
**Елбіреп екі аяғым дірілдейді,**
**Көз жетпей тұрарыма, тұрмасыма.**

**Жамбыл**

# ЖҮЗ ЖЫЛ ЖЫРЛАҒАН ЖҮРЕК








# ЖҮЗ ЖЫЛ ЖЫРЛАҒАН ЖҮРЕК

175

## Шығармалары



# ЖҮЗ ЖЫЛ ЖЫРЛАҒАН ЖҮРЕК

175

**Жамбыл мен баласы Тезекбай**



**Өтірікті сүймедім,**
**Дүние үшін күймедім.**
**Алтынына біреудің**
**Жолда жатса тимедім.**

**Жамбыл**

# ЖҮЗ ЖЫЛ ЖЫРЛАҒАН ЖҮРЕК 175

**Жамбыл балаларымен бірге. Солдан оңға қарай: Алғадай, Тезекбай, Ізтілеу**



# ЖҮЗ ЖЫЛ ЖЫРЛАҒАН ЖҮРЕК

175

## Тагор мен Ганди



## Рабиндранат Тагордың сөзі:

**Халқының жарық жұлдызындай ақыны Жамбылға Индия халқынан бауырластық сәлем. Ол өз халқының өмірін терең, толғана жырлаумен заманының ұлы ақыны болып қалады.**




# ЖҮЗ ЖЫЛ ЖЫРЛАҒАН ЖҮРЕК

175



*«Жамбыл ата». М. Нусупов*

*«Жамбыл-ата». М. Нусупов*

Қаздай қалқып ерінбей,
Өлең тердім жасымнан.
Майкөт ақын, Құлмамбет
Орын берді қасынан.

Жамбыл




# ЖҮЗ ЖЫЛ ЖЫРЛАҒАН ЖҮРЕК

175

Заман-заман дегенде,

Заманға қожа адам ғой.

Наразы болса заманға,

Бар кінәні соған қой.

Жамбыл






# ЖҮЗ ЖЫЛ ЖЫРЛАҒАН ЖҮРЕК



**Көп қарға тең келмейді бір сұңқарға,**
**Көп жылқы тең келмейді бір тұлпарға.**
**Жақсының әрқашанда жөні бөлек,**
**Жаман адам жарамас бір қымтарға.**

**Жамбыл**



*«Жамбыл Қазақ КСР Жоғарғ Кеңесінің сессиясын ашуда». Н. Карповский*

*«Жамбыл открывает сессию Верховного Совета Казахской ССР». Н. Карповский*




# ЖҮЗ ЖЫЛ ЖЫРЛАҒАН ЖҮРЕК

175

- Ой-хой, дүние серуен,
- Адам - бір көшкен керуен.
- Дүниені қызық қалдырып.
- Асамыз өмір белінен.
- Кірсе лебіз, шықса жоқ,
- Қауіп етіңдер өлімнен.

Жамбыл



«Жамбыл ауылдастарымен бірге». Ә. Қастеев / «Жамбыл с односельчанами». А. Кастеев




# ЖҮЗ ЖЫЛ ЖЫРЛАҒАН ЖҮРЕК

175



- Мен 1846 жылы Шу өзенінің маңындағы Жамбыл деген таудың етегінде қарлы қыста, қақаған аязда туыппын. Төбесінде жамбы тектес тасы болғандықтан тау аты Жамбы аталып кеткен екен. Жамбыны ертеде аса қадірлі қонаққа сыйға тартыпты, жарыста озып келген аттың бәйгесіне тігіпті, жеңген палуанға немесе айтыста озған ақынға беріліпті деген аңыздар бар. Әйтеуір ата-анам сол таудың атымен мені Жамбыл атап кетіпті.




# ЖҮЗ ЖЫЛ ЖЫРЛАҒАН ЖҮРЕК

175

## Жамбылтану












# ЖҮЗ ЖЫЛ ЖЫРЛАҒАН ЖҮРЕК

175

## Жамбылтану




















# ЖҮЗ ЖЫЛ ЖЫРЛАҒАН ЖҮРЕК

175

**Жамбыл Жабайұлы 1846 жылы ақпан айының соңғы күндерінде дүниеге келген. Туған жері - Жамбыл тауының бөктері. Шу өзенінің құяр сағасына жалғаса тізбектелген Жамбыл, Хан, Байғара, Шағырлы тау сілемдері бүгінде Жамбыл облысының Шу, Мойынқұм аудандарына қарайды.**

**Мырзатай Жолдасбеков**






# ЖҮЗ ЖЫЛ ЖЫРЛАҒАН ЖҮРЕК 175

## БАЛА ЖАМБЫЛҒА БАТА

Соңынан Сүйінбайдың орнын басып,
Тіліңнен балың тамсын сорғалаған.
Жапаға риза болсын айта барғын,
Осымен өкпелемей жүрсін маған.

Сүйінбай






# ЖҮЗ ЖЫЛ ЖЫРЛАҒАН ЖҮРЕК

175



**Жамбыл қайтыс болғанда, Қазақстан үкіметі хабарлаған азанамада оны «халық поэзиясының алыбы, ХХ ғасырдың Гомері» деп атады. Бұл – оның ақындық еңбегіне берілген зор баға.**

**Серік Қирабаев**




# ЖҮЗ ЖЫЛ ЖЫРЛАҒАН ЖҮРЕК

175

Өзен деген ат болмас,
Ат жалдарлық су ақпай.
Ғалым деген ат болмас,
Айтқаны тұрмай шырақтай.
Әнші деген ат болмас,
Әуезі көңіл жұбатпай.
Ақын деген ат болмас,
Қандырмай мейір суаттай,
Жыры болмай бұлақтай,
Тұнығы болмай сынаптай,
Алатаудан арындап,
Асқан судай құлатпай...

Жамбыл






# ЖҮЗ ЖЫЛ ЖЫРЛАҒАН ЖҮРЕК

175

**Менің пірім – Сүйінбай,**
**Сөз сөйлемен сыйынбай.**
**Сырлы, сұлу сөздері**
**Маған тартқан сыйындай.**
**Сүйімбай деп сөйлесем,**
**Сөз келеді бұрқырап,**
**Қара дауыл құйындай...**
**Жамбыл**






# ЖҮЗ ЖЫЛ ЖЫРЛАҒАН ЖҮРЕК

175

Адамдықты айт, ерлікті айт, батырлықты айт,
Ел бірлігін сақтаған татулықты айт.
Қарымбайдай сарандар толып жатыр,
Оны мақтап, әуре болмай, жөніңе қайт.

Жамбыл



# ЖҮЗ ЖЫЛ ЖЫРЛАҒАН ЖҮРЕК



**Жамбыл қырғыз ақындарымен бірге**



**Жамбыл мен Сәкен Сейфуллин**



# ЖҮЗ ЖЫЛ ЖЫРЛАҒАН ЖҮРЕК



Ат үстінде



**1936 жылдың жазында өкімет сатып әперген күрең жорғаны Жәкең тауға 1941 жылдың күзіне дейін мінді, ауыл арасына 1944 жылға дейін мініп жүрді.**

**Сәбит Мұқанов**




# ЖҮЗ ЖЫЛ ЖЫРЛАҒАН ЖҮРЕК

175




**Жамбыл – әрі эпик, әрі айтыс ақыны; абыз жырау әрі жауынгер жыршы. Ол – шын мағынасындағы биік, парасатты өнерпаз, азаматтық саяси поэзия жасаушы.**

# ЖҮЗ ЖЫЛ ЖЫРЛАҒАН ЖҮРЕК

175

**Солдан оңға қарай:**
**Ғабит Мүсірепов, Жамбыл, Мұхамеджан Қаратаев**



**Халық ақындары арасында**



# ЖҮЗ ЖЫЛ ЖЫРЛАҒАН ЖҮРЕК



**Жамбыл мен Сәбит**



# ЖҮЗ ЖЫЛ ЖЫРЛАҒАН ЖҮРЕК



Ортада Жамбыл мен Кенен






# ЖҮЗ ЖЫЛ ЖЫРЛАҒАН ЖҮРЕК

175



**Жамбыл – ұстазын тапқан талант. Өлеңдегі ұстазы ақиық ақын Сүйінбай болғанда, ұлы ұстазы халықтың өзі болды. Жамбыл телегей-теңіз шалқыған тарих қазынасын, күн көзіндей балқыған жарық-нұрды туған халқынан, туған халқының жүрегін жандырып шыққан асыл сыр мен ақық жырдан тапты, кемеліне келгенде, өзі де оттай балқып, күндей шалқыды.**

**Жанғара Дәдебаев**

Жамбыл – 175

# ЖҮЗ ЖЫЛ ЖЫРЛАҒАН ЖҮРЕК

175

**Сирек кездесетін фотосуреттер**
**Москва, 1938-1939 жылдар**







Жамбыл – 175

# ЖҮЗ ЖЫЛ ЖЫРЛАҒАН ЖҮРЕК 175

**Адамдықты айт, ерлікті айт, батырлықты айт,**

**Ел бірлігін сақтаған татулықты айт.**






# ЖҮЗ ЖЫЛ ЖЫРЛАҒАН ЖҮРЕК

175






# ЖҮЗ ЖЫЛ ЖЫРЛАҒАН ЖҮРЕК 175

## Пайдаланылған дерек көздері

1. Жамбылдың шығармаларының түрлі басылымдары.
2. Жамбылдың өмірі мен шығармашылығы туралы жазылған зерттеулер.
3. Ғаламтор мәліметтері.
4. Абай ғылыми-зерттеу институтының ақпарат көздері.
5. Жамбыл музейінің мәліметтері.




# ЖҮЗ ЖЫЛ ЖЫРЛАҒАН ЖҮРЕК 175

**Электронды көрме әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалды**

**Алматы**
**2021 жыл**
**қаңтар**